

Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық сотының өтініші бойынша Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 59-бабының конституциялылығын тексеру туралы

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің қаулысы 2001 жылғы 11 мамыр N 5/2

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі, құрамында Төраға Ю.А.Хитрин, Кеңес мүшелері Н.І.Өкеев, Ж.Д.Бұсырманов, А.Есенжанов, А.К.Котов және В.Д.Шопин қатысқан, мыналардың:

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрайымы Р.Н.Юрченконың;

Қазақстан Республикасы Әділет вице-министрі А.Н.Котловтың;

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының бөлім бастығы К.Н.Кьюкованың қатысуымен өткен ашық отырысында Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы сотының Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің К970167_ 59-бабының конституциялылығын тексеру жөніндегі өтінішін қарады.

Ұсынылған материалдарды зерделеп шығып, баяндамашы - Кеңес мүшесі Ж.Д.Бұсырмановты, отырысқа қатысушылардың және сарапшы - Қаржы полициясы академиясының проректоры, заң ғылымының кандидаты Г.К.Рахымжанованың сөйлеген сөздерін тындап, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі мынаны АНЫҚТАДЫ:

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне 2001 жылғы 11 сәуірде Орал қаласы сотының Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі - ҚК) 59-бабын конституциялық емес деп тану жөніндегі өтініші келіп түсті.

Өтініштен келіп шығатыны, бұрын бірнеше рет ұрлық жасағаны үшін ҚК-тің 175-бабының бірінші бөлігі және екінші бөлігінің "б" тармағы бойынша сотталған Ю.Ю.Лемешев, Орал қаласы сотының 2000 жылғы 8 қарашадағы үкімімен, жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіпті емес күш қолдану арқылы бөтен біреудің мүлкін ашық ұрлауда айыпты деп танылып, ҚК-тің 178-бабының "а" және "б" тармақтары бойынша мүлкі тәркілене отырып қатаң тәртіптегі түзеу колониясында 4 жылға бас бостандығынан айыруға сотталған, Батыс Қазақстан 2000 жылғы 13 желтоқсандағы қаулысымен бұл үкім өзгеріссіз қалдырылған.

Қазақстан Республикасы Бас прокурорының наразылығы бойынша, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы қадағалау тәртібімен бұл аталған үкім мен қаулының күшін жойып, істі жаңадан қарауға жіберген. Қадағалау сатысы, бірінші сатыдағы сот жаза тағайындау кезінде ҚК-тің К970167_ 59

-бабының екінші бөлігімен көзделген ережелерді ескермеген деп ұйғарым жасаған. Қадағалау қаулысында, сотталушының іс-әрекетінен, мынадай екі белгі: "өмірге қауіпті емес күш қолдану арқылы" және "бірнеше рет" (ҚК-тің 178-бабы екінші бөлігінің "а" және "б" тармақтары) бойынша айқындалған, қылмыстың қауіпті қайталануы байқалады, сондықтан оған ҚК-тің 178-бабының екінші бөлігімен көзделген бас бостандығынан айырудың ең жоғары мерзімінің үштен екісіндей, яғни 4 жыл 8 айдан төмен болмайтындай етіп жаза тағайындау керек деп атап көрсетілген.

Орал қалалық соты іс жүргізуді тоқтата тұрып, ҚК-тің 59-бабын конституциялық емес деп тану жөніндегі ұсыныммен Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне жүгінген, өйткені аталған бап істің нақты мән-жайы мен айыпкердің жеке басын ескермей, қылмыстың қайталануы жағдайында жазаның түрі мен мөлшерін күні бұрын белгілей отырып, азаматтардың сот арқылы қорғалуына конституциялық құқығына нұқсан келтіреді деп есептейді.

Осы өтініш бойынша ұсынылған материалдарды зерделеп шығып, Конституциялық Кеңес мынаны ескерді.

1. Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы - маңызды конституциялық кепілдік болып табылады, ол кез келген адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарының қорғалуы және қалпына келтірілуі үшін сотқа жүгінуге хұқылы екендігін білдіреді. Бұл құқықты пайдалану заңмен белгіленген негізде және сол тәртіппен жүзеге асырылады. (Конституциялық Кеңестің 1999 жылғы 29 наурыздағы N 7/2 S990007_ қаулысы). Сот арқылы қорғалу құқығы іс жүргізу құқығына жатады және адам оны бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың негізгі құралы ретінде пайдаланады. Ол қоғамда әділеттілік, заңдылық орнауына және адамның негізгі материалдық құқықтары мен бостандықтарының іс жүзінде қамтамасыз етілуіне септігін тигізеді. Азаматтың сот арқылы қорғалуына құқығын кез келген түрде шектеуге жол берілмейді және ол заңды бұзу болып табылады.

2. ҚК-тің 59-бабы бірінші бөлігінде, сот қылмыстың қайталануы жағдайында жаза тағайындағанда міндетті түрде ескеруге тиіс мән-жайлардың тізбесі беріледі. Оған мыналар жатқызылған: бұрын жасалған қылмыстардың саны, сипаты және қоғамдық қауіптілік дәрежесі, оның алдындағы жазаның түзетушілік ықпалының жеткіліксіздігіне себеп болған мән-жай, сондай-ақ жаңадан жасалған қылмыстың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесі. Заңның аталған талаптары, соттың жасалған қылмыс туралы және айыптының жеке басы туралы барлық мәліметтерді ескере отырып, жазаны сараландыруына мүмкіндік береді.

ҚК-тің 59-бабының екінші бөлігінде заң шығарушы, соттың қылмыс қайталануының әрбір түрі кезінде жаза тағайындай отырып, сақтауы міндетті болған шектерді ескерген. Бұл орайда, қылмыстың қайталануы неғұрлым қауіпті болса, адамға тағайындалатын жазаның ең төмен мерзімі соғұрлым жоғары болады: қылмыстардың

қайталануы жағдайында жасалған қылмыс үшін жазаның мерзімі мен мөлшері жасалған қылмыс үшін көзделген ең қатаң жаза түрінің ең жоғары мерзімі мен мөлшерінің жартысынан төмен, ал қылмыстардың қауіпті қайталануы жағдайында - үштен екісінен төмен, ал қылмыстардың аса қауіпті қайталануы жағдайында - төрттен үшінен төмен болмауы керек.

ҚК-тің 59-бабы үшінші бөлігінде қылмыс қайталануының кез келген түрінде жаза тағайындау ережелерінен тыс екі жағдай белгіленген, ондай жағдайларда ҚК-тің 59-бабы бірінші және екінші бөліктері нормаларының күші болмайды.

Ережелерден тыс бірінші жағдай - адамның соттылығы жасалған қылмыстың айқындаушы белгісі болып табылуы, яғни заң шығарушы баптың санкциясын құрастыру кезінде қылмыстың қайталануы фактісін ескерген, сондықтан жаза тағайындау кезінде ол ескерілмеуге тиіс. Бұл жағдайда жаза қылмыстың қайталануы, қауіпті қайталануы және аса қауіпті қайталануы анықталған кездегі ең төмен мерзім шегінде де, егер сот оны жасау мүмкін деп тапса, одан азырақ мөлшерде де тағайындалуы мүмкін.

Ережелерден тыс екінші жағдай, белгілі бір қылмыс үшін көзделген жазадан гөрі неғұрлым жеңіл жаза тағайындауға мүмкіндік беретін, ҚК-тің 55-бабымен көзделген ерекше жағдайлардың анықталуымен байланысты. ҚК-тің 55-бабы сотқа ҚК-тің Ерекше бөлімі санкцияларының, соның ішінде 59-баптың да ең төмен шегінен шығу құқығын береді. Осындай ережені белгілей отырып, заң шығарушы сотқа жасалған қылмыс үшін баптың санкциясымен көзделген жазадан гөрі неғұрлым жеңіл жаза тағайындау немесе қосымша жаза қолданбау құқығын береді. Бұл жерде міндетті шарт - сот ҚК-тің 55-бабын қолдануды жақтайтын сенімді уәж келтіруге тиіс.

ҚК-тің 59-бабының бірінші және екінші бөліктері, жасалған әрекетте қылмыстың қайталануы мен оның түрлерінің болуына байланысты жаза тағайындауды сараландыруды көзде тұтады, ал осы баптың үшінші бөлігі қылмыс қайталануының түрлері үшін жаза тағайындаудың айрықша ережелерін көздейді. Сонымен бірге, ҚК-тің 59-бабы, мән-жайдың ерекшеліктері бар кезде соттың ҚК-тің 55-бабы ережелерін қолдануына кедергі жасамайды.

Осылайша, ҚК-тің 59-бабына сай, қылмыстың қайталануы жағдайында неғұрлым қатаң жаза тағайындау жеке тұлғаның сот арқылы қорғалуына құқығын жоққа шығармайды. Бұл жоғарыда аталғанның бәрі де ҚК-тің 59-бабы нормалары Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларына қайшы келмейтінін, соттың нақты қылмыс үшін нақты сотталушыға жаза тағайындау туралы шешімін күні бұрын белгілеп қоймайтынын және соттың жаза тағайындау кезінде жазаны дараландырудың жалпы негіздері мен принциптерін ескеруіне кедергі жасамайтынын атап көрсетеді, өйткені ҚК-тің 59-бабының өзі Қылмыстық кодекстің Жалпы бөлімінің "Жаза тағайындау" деп аталатын IV-бөліміне кіреді.

Баяндалғанның негізінде және Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-

бабы 2-тармағын және Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" U952737_ конституциялық заң күші бар Жарлығының 17-бабы 4-тармағының 1) тармақшасын, 32, 33, 37, 38 және 41-баптарын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің К970167_ 59-бабының нормалары Қазақстан Республикасының Конституциясына қайшы келмейді.

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының К951000_ 74-бабы

3-тармағына сәйкес қаулы оны қабылдаған күннен бастап күшіне енеді, шағымдануға жатпайды, Республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті және Қазақстан Республикасы Конституциясының 73-бабы 4-тармағында көзделген жағдайды ескеріп, түпкілікті болып табылады.

3. Осы қаулы республикалық ресми басылымдарда қазақ және орыс тілдерінде жариялансын.

Қазақстан Республикасы
Конституциялық Кеңесінің
Төрағасы

Мамандар:
Қасымбеков Б.А.
Багарова Ж.А.